

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысында дауыс беру қорытындылары туралы  
ХАТТАМА**

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17 мекенжайы бойынша орналасқан «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Қоғам») акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы (бұдан әрі – «Жиналыс») 2022 жылғы 22 қарашада 10 сағат 00 минутта Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 17, мәжіліс залы, 3-қабат мекенжайы бойынша өткізілді.

**Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан орны:** «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының басқармасы, Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17.

**Қоғамның Жиналысына қатысқандар:**

1 034 088 144 жай акция иесі «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ атынан «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ бизнесті дамыту және дивестициялар департаментінің жетекші маманы Еркін Ұзақбайұлы (2022 жылғы 5 қаңтардағы №18-08 сенімхат бойынша) қатысады.

**Барлығы:** 2021 жылғы 12 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесі негізінде Жиналысқа қатысуға және онда дауыс беруге құқылы, Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының 99,79 %-ын құрайтын, жинақтап алғанда Қоғамның 1 034 088 144 жай акциясын иеленген акционердің 1 өкілі тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-ІІ «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының (бұдан әрі - «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы) 45-бабы 1-тармағы негізінде Жиналыс өткізу үшін кворум бар, осыған байланысты Жиналыс күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқылы болып танылады.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының отырысында дауыс беруге шығарылған мәселелер бойынша Қоғамның есеп комиссиясымен дауыс берудің келесі қорытындылары шығарылды:

**1. Жиналыстың төрағасын сайлау туралы.**

**Дауыс бергендер:**

- «Қолдағандар» - 1 034 088 144 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс жоқ.

**Жиналыстың шешімі қабылданды:** «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Басқарма төрағасының стратегия, инвестициялар және бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары Дастан Елемесұлы Абдулғафаров Қоғам Жиналысының төрағасы болып сайлансын.

**2. Жиналыстың хатшысын сайлау туралы.**

**Дауыс бергендер:**

- «Қолдағандар» - 1 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс жоқ.



**Жиналыстың шешімі қабылданды:** Корпоративтік хатшы Сүлейменова Әйгерім Болатқызы Жиналыстың хатшысы болып сайлансын.

### **3. Жиналыста дауыс беру тәртібі мен нысанын белгілеу туралы:**

**Дауыс бергендер:**

- «Қолдағандар» - 1 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс жоқ.

**Жиналыстың шешімі қабылданды:** дауыс беру тәртібі «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 50-бабы 1-тармағына сәйкес; дауыс беру нысаны Жиналыстағы күн тәртібі мәселелері бойынша – ашық тәсілмен белгіленсін.

### **4. Жиналыстың жұмыс регламентін белгілеу туралы:**

**Дауыс бергендер:**

- «Қолдағандар» - 1 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс жоқ.

**Жиналыстың шешімі қабылданды:** Жиналыстың келесі жұмыс регламенті бекітілсін – күн тәртібінің мәселелері бойынша сөз сөйлейтіндерге – он минутқа дейін, пікірталастарда сөз сөйлейтіндерге – бес минутқа дейін, дауыстарды санау бойынша есеп комиссиясына – жеті минутқа дейін.

### **5. Күн тәртібін бекіту туралы:**

**Дауыс бергендер:**

- «Қолдағандар» - 1 034 088 144 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс жоқ.

**Жиналыстың шешімі қабылданды:** Жиналыстың келесі күн тәртібі бекітілсін:

- 1) «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ ерікті тарату.
- 2) «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Тарату комиссиясын тағайындау.
- 3) «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Тарату комиссиясы туралы ережені бекіту.
- 4) «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ тарату тәртібі мен мерзімдерін белгілеу.
- 5) «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату.

**6. Жиналыстың күн тәртібінің «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ ерікті тарату мәселесі бойынша.**

**Дауыс бергендер:**

- «Қолдағандар» - 1 034 088 144 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс жоқ.

**Жиналыстың шешімі қабылданды:**



1. «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ ерікті таратылсын.
2. «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Бас директоры Қ.О.Есқазиев заңды тұлғаларды тіркеуді жүзеге асыратын әділет органына не «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясына; мемлекеттік кіріс органына «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ тіркелген жері бойынша оны тарату туралы хабарламаны дереу жіберуді қамтамасыз етсін және осы шешімнен туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

**7. Жиналыстың күн тәртібінің «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Тарату комиссиясын тағайындау» мәселесі бойынша.**

**Дауыс бергендер:**

- «Қолдағандар» - 1 034 088 144 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс жоқ.

**Жиналыстың шешімі қабылданды:**

№1 Қосымшаға сәйкес құрамда «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Тарату комиссиясы тағайындалсын.

**8. Жиналыстың күн тәртібінің «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Тарату комиссиясы туралы ережені бекіту» мәселесі бойынша.**

**Дауыс бергендер:**

- «Қолдағандар» - 1 034 088 144 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс жоқ.

**Жиналыстың шешімі қабылданды:**

№2 қосымшаға сәйкес «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Тарату комиссиясы туралы ереже бекітілсін.

**9. Жиналыстың күн тәртібінің «Тарату тәртібі мен мерзімдерін белгілеу» мәселесі бойынша.**

**Дауыс бергендер:**

- «Қолдағандар» - 1 034 088 144 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс жоқ.

**Жиналыстың шешімі қабылданды:**

№3 қосымшаға сәйкес тарату тәртібі мен мерзімдері белгіленсін.

**10. Жиналыстың күн тәртібінің «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату» мәселесі бойынша.**

**Дауыс бергендер:**

- «Қолдағандар» - 1 034 088 144 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс жоқ.



**Жиналыстың шешімі қабылданды:**

«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Директорлар кеңесі мүшелері Дәурен Сапарәліұлы Қарабаевтың, Құрманғазы Орынғазыұлы Есқазиевтің, Петр Геннадьевич Лубянецвтің және Жаннат Жұрғалиқызы Ертілесованың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылсын.

**Есеп мүшелері:** комиссиясының



**Е. Горохова**

**В. Залевская**

**А. Шалабаева**